

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының өзгертілуіне байланысты кейбір шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі 1997 жылғы 23 мамырдағы N 3523

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысына енгізілген өзгерістерге сәйкес:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) 1997 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылаған кезде қолданылып келген қаржыландыру көлемінің кемуіне жол бермей, Арқалық, Жезқазған, Көкшетау, Семей және Талдықорған қалаларының жәрдем қаржысыз режимде жұмыс істеуін қамтамасыз ететін болсын;

2) мемлекеттік органдардың аппараттары қысқарған кезде босайтын қаражатты зейнетақы мен бюджеттік ұйымдарға жалақыларды төлеу жөніндегі берешекті жабуға жұмсасын;

3) таратылған Жезқазған, Көкшетау, Семей, Талдықорған және Торғай облыстары мемлекеттік органдарының босаған ғимараттарының неғұрлым қолайлыларын белгілеген тәртіппен мемлекеттік жоғары оқу орындары мен соғыс және еңбек ардагерлеріне, зейнеткерлер мен мүгедектерге қызмет көрсетуге тиіс әлеуметтік саланың мекемелеріне, сондай-ақ соттар мен құқық қорғау органдарына беретін болсын ;

4) таратылған облыстардың мемлекеттік денсаулық сақтау, білім, спорт, мәдениет пен өнер мекемелерінің мәртебесін, оларды қаржыландыру тәртібін барынша сақтайтын болсын;

5) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістерді ескере отырып, 1997 жылғы 1 маусымға дейін жергілікті атқарушы органдардың құрылымын, штат санын және оларды ұстауға арналған лимиттерді айқындайтын болсын;

6) таратылған облыстарға 1997 жылға көзделген инвестициялар көлемін сақтап, оларды Арқалық, Жезқазған, Көкшетау, Семей және Талдықорған қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуының перспективалық бағдарламаларын іске асыру үшін қосымша тарту жөнінде шаралар қолдансын;

7) таратылған облыстардағы жергілікті өкілетті органдар депутаттары өкілеттіктерінің сақталуын көздейтін заң жобасын 1997 жылғы 1 маусымға дейін Парламентке енгізетін болсын.

2. Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері:

- Арқалық, Жезқазған, Көкшетау, Семей және Талдықорған қалалары әлеуметтік-экономикалық дамуының бағдарламаларын 1997 жылғы 1 тамызға дейін әзірлеп, белгіленген тәртіппен бекітетін болсын;

- берілетін әрбір ғимараттың қай мақсатқа пайдаланылатынын, тиісті қайта құру жүргізуге, керекті құралдармен жабдықтауға арналған қаражатқа деген қажеттілікті және тиісті бюджеттер есебінен жұмсалатын шығындарды қаржыландыру көздерін екі ай мерзімде айқындайтын болсын;

- таратылған облыстардың мемлекеттік органдарының осы аталған мақсатқа, сондай-ақ мемлекеттік мұқтаждық үшін пайдалануға келмейтін ғимараттары мен басқа да объектілерін заңда белгіленген тәртіппен сататын болсын;

- таратылған облыстарда қалалық атқарушы органдардың, ұлттық қауіпсіздік, прокуратура, Мемлекеттік тергеу комитеті мен ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі қажетті шаралар қарастырсын;

- 1997 жылдың 1 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік органдардағы бос қызметтерге барынша пайдалана және көзделген жеңілдіктер мен өтемақыларды бере отырып, таратылған облыстардағы босайтын мемлекеттік қызметшілерді жұмысқа орналастыру мәселелерін шешетін болсын.

3. Облыстардың әкімдері мен Алматы қаласының әкімі аймақтар мен елді мекендердің әкімшілік-аумақтық құрылысын оңтайландыру кезінде мемлекеттік қызметшілерді жұмысқа орналастыру, таратылатын жергілікті атқарушы органдардың ғимараттарын беру және осыған орай қажетті шығындарды қаржыландыру, сондай-ақ осы аталған мақсатқа және басқа мемлекеттік мұқтаждық үшін пайдалануға келмейтін ғимараттар мен өзге объектілерді сату есебінен алынған қаражатты жергілікті бюджеттерге қосымша тарту арқылы мемлекеттік оқу орындарының, әлеуметтік сала,

соттар мен құқық қорғау органдары мекемелерінің материалдық базасын нығайту жөнінде шаралар қолдансын.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК